

«Бақытты сәт» ата-аналар арасындағы дөңгелек үстел

Мақсаты: - Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру.

- Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым-қатынасты жақсартып, бала тәрбиесіне

көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу. Балабақшамен тығыз қарым-қатынас орната

білу керек екендігін түсіндіру.

I. Кіріспе бөлім

- Сәлеметсіздерме, құрметті ата-аналар!

Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін «**Бақытты сәт**» тақырыбында өткелі отырған дөңгелек үстелімізге қош келіпсіздер.

Халқымыз ежелден отбасын шағын мемлекетке теңеген. Отбасы ошақтың үш тағаны сияқты үш тіреуден тұратындығы белгілі. Олар – ері, әйелі, баласы. Үшеуінің берекелі бірлігі – отбасының ұйытқысы.

Қазіргі кезде ата-ананың бірінші мақсаты қаражат табу, балаларын еш нәрсеге мұқтаж етпеу болып қалды. Көпшілік ата-анада тұрақты жұмыс жоқ. Бала-шағаның қамымен жүрген ата-аналардың тәрбиесіне де көңіл бөле алмай қалды. Жас жеткіншектеріміздің тәрбиесінің негізі отбасында қалыптасады. Демек, баланың келешекте қандай адам болуы ең алдымен өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесіне байланысты екені күмәнсіз.

Барлық бала жақсы мен жаман әдеттерді өзі өскен шаңырақта үйренеді.

Отбасындағы жиі ұрыс-керістер баланың психикасына қатты әсер беріп, ол бала бара-бара кекшіл, жасқаншақ, жігерсіз, немқұрайлы болады. Егер отбасындағы адамдар жақсы қарым-қатынаста болса, олардың балаларының ақыл-ойы жақсы дамыған, еңбекқор, әдепті, тәрбиелі, саналы, өз-өзіне сенімді болып өседі. Халқымыз «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған. Жас кезде алған тәрбие бала санасында мәңгілік мөрленіп қалады. Баламыз Отанына адал қызмет етсін, өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық.

II. Негізгі бөлім

Психологиялық жаттығу: «Танысу»

Шарты: Ата-аналар баласының жақсы мінезіне, қылығына атын қосып, өзін таныстырады.

Мысалы: Мен сүйкімді Асылайдың анасы Гүлданамын.

Ә) Дөңгелек үстелімізді бастамас бұрын ата - аналар 3 түсті жүрекшелерден бір – бірден таңдауларыңыз сұралады. Бірдей түсті ата - аналар бірігіп бір топ боласыздар.

1 топ - Қызыл 2 топ - Көк 3 топ - Сары

III. «Ойыңды толық айтуға ұмытпа?»

1. Бір күніңізді баламен қалай өткізесіз?

2. Демалыс күндері балаңызбен бірге немен шұғылданасыз?

3. Балаға балабақша не үшін керек?
 4. Балабақшаға балаңызды қандай мақсатта әкелдіңіз?
- Жұмысқа тұруға байланысты
Жан тыныштығы үшін
Жақсы тәрбие алу үшін
5. Таңертең және кешкі уақытта балаңызға қандай тәрбие бересіз?
 6. Сіз тәрбиешілерге бала тәрбиесіне қатысты қандай көмек беріп жатырсыз?
 7. Ата-әже берілген тәрбие дұрыс па?
 8. Тәрбиеші жұмысын одан әрі жандандыру үшін қандай үлес қосар едіңіз?
 9. Кейбір ата-аналар менің балама көп көңіл бөл, ерекше қара деп жатады, бұл дұрыс па
- Қалай ойлайсыз?
10. Тәрбиеші жұмысы оңай ма, әлде қиын ба қалай ойлайсыз?
 11. Дарынды бала қандай бала?
 12. Бала құқығы туралы не білесіз?
 13. Сіздің балаңыздың өмірінде тәрбиешінің рөлі?
 14. Планшет немесе телефонмен ойнаған дұрыс па, дұрыс емес пе?
 15. Баланы қайжастан бастап тәрбиелеу керек?
 16. Менің балам бұзық, айтқанымды тыңдамайды менің тәрбиеме көнбейді деп көптеген ата-аналар айтып жатады, сіз ол ата-аналарға ата-ана ретінде қандай кеңес берер едіңіз?

IV. «Ортада сахналап көрейік»

Шарты: Бір сәт тәрбиешілердің жұмыстары қандай екен сахналау барысында байқайтын боламыз? Ата-аналар сіздер тәрбиеші рөлінен еніп ортада көрініс көрсетесіздер?

1 - жағдаят. Топтың ішінде 25 бала отыр. Барлығы қызыға ойнап отыр. Кенеттен 2 бала

әдемі бір ойыншыққа таласып қалды. Біреуі мен аламын дейді, екіншісі жоқ ол менікі деді. Сіздің әрекетіңіз?

2-жағдаят. Сіздің алдыңызда мына көрнекіліктер тұр. Сіз осы көрнекілікті пайдаланып,

Қандай ойын ұйымдастырар едіңіз?

3-жағдаят. Топтың тәрбиешісі өз жұмысын білетін озық тәрбиешілердің бірі. Ол апай сіздің балаңызға ұнамайды. Сізге үнемі сол апай жайында айта береді. Сіздің әрекетіңіз.

Қорыту сөз: Бала тәрбиелеуде шыдамдылық, төзімділік, қайсарлық, ақылдылық, көрегендік, білімділік талап етеді. Осы талаптардың барлығы біздің тәрбиешілер бойынан табылып отыр.

VI. Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) «Гүлдің оянуы»

Терең демалайық! Енді көзімізді жұмып, мен айтқан сөздерді көз алдымызға елестетіп отырыңыздар. Төбемізден бар жылуын шашып күн сәулесі нұрын шашып, жарық беріп тұр. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша!

Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап- таза, жап-жарық болып кетті.

Міне, керемет! Жүрегіміз де әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі-түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Ол әлі кішкентай, сіз оны иіскеп мейірімге бөлеңіз. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі.

Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсірейік.

Ата-аналар ақ параққа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін

жазып, өз ой- пікірлерін айтады

Психологиялық кеңес. «Гүлге жасалған тәжірибе»

Ғалымдар гүлге тәжірибе жасап көріпті. Гүл егілген 1 плантацияға – рок, айқай-шуға толы музыка қосып қойыпты. Ал, 2-ші плантацияға – классикалық жайлы музыка қосып қойыпты. Белгіленген уақыттан кейін 2 плантациядағы гүлді салыстырса: рок музыка тыңдаған гүлдердің сабағы қысқа, түстері солғын болып өсіпті де, классика тыңдаған гүлдер жайқалып өскені байқалыпты. Бұдан шығатын қорытынды не? Бала мен гүлді салыстырып көріңіздерші. Бала да гүл сияқты нәзік. Сондықтан отбасында қолдан келгенше жайлы орта қалыптастырып, жайлы климат орнатуға күш салайық.

VII. «Тілек шамы». (Қорытындылау)

Мақсаты: дөңгелек үстел туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Қорытынды сөз: Сонымен ата-аналар бала тәрбиесі ең маңызды - мәселе. Ең басты – ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызы зор. Бүгін міне бала тәрбиесіне байланысты ойларыңызды ортаға салдыңыздар. Осы іс – шарамыздың соңында сіздерге мандаринұсынғым келеді. Барлығыңыздың мандариндеріңізді ашыңыздар. Ашып ауыз тиюлеріңізге болады. Мандаринді берген мақсатым: Мандарин жемістің бір түрі. Өзі жұмсақ, нәрлі шырынында дәрумені көп жемістердің ішіндегі, тез көп жеміс беретін өсімдік. Мандарин қандай қасиеттерге ие болса, бізде балаларымызға жұмсақ мінез танытып, жан-жақты тәрбие берейік.

Бала – ата-ана өмірінің жалғасы. «баламның табанына кірген шөгір менің маңдайыма кірсін.» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа қатер төнгенде «Өзімді алып, баламды аман қалдыр,» деп құдайға жалбарынған ата-ананың жүрегі не деген кең, не деген ерекше десеңші!

Бала тәрбиесінің қызығы мен қиыншылығы қатар жүретіні бәрімізге белгілі. Сондықтан бәріңіздің отбасыларыңызға амандық, тек жақсылық тілеймін.